

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 196 – 201

UDC 82.091

R.K. Mukhambetkaliyeva¹, G.M. Mukhambetkaliyeva²

¹ M. Utemisov West Kazakhstan State University¹, Uralsk, Kazakhstan;

² S. Seifullin Kazakh Agro Technical University², Astana, Kazakhstan

mukhambetkalieva_roza@mail.ru, gulaimmm@inbox.ru

KASYM KHAN - LEADER OF THE POLITICAL ELITE OF THE FIRST HALF OF THE XVI CENTURY

Abstract. The article discusses the image of the "political elite" of the 16th century on the example of the life of the legendary Khan of the Kazakh Horde, Kasim Janybekuly as a wise ruler who established diplomatic relations that contributed to the development of spiritual and moral values of the Kazakh people.

The special role of modern Kazakhstan in the political arena is the result of sagacious policy of Kazakh rulers. Therefore, the main idea of the article is the disclosure of their wise decisions in strengthening internal and external ties. This was also Kasim Khan, who was able to skillfully implement strategic ideas and preserve the integrity of the Kazakh people.

Keywords: political installations, chronicle, historical personalities, literary image.

ӘОЖ: 82.091

Р.Қ. Мұхамбетқалиева¹, Г.М. Мұхамбетқалиева²

¹М.Өтемісов ат. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан;

²С. Сейфуллина ат. Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

ҚАСЫМ ХАН – XVI ФАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ САЯСИ ЭЛИТАСЫНЫң ҚӨШБАСШЫСЫ

Аннотация. Мақалада қазақ мемлекеттігінің хандық дәуірінде елдің саяси-әлеуметтік және қорғаныс жүйесіндегі елшілік пен халықаралық қатынастарды орындаудың, ұлттық рухани-дүниелік құндылықтарды дамытып өркендешту жолдарын ұйымдастырудың үздік үлгісін жасаған ел басқарушы көсемдердің кеменгері – Қасым Жәнібекұлының ұлт саясатын нығайтудағы дара жолы сипатталған.

Заманауи Қазақстанның бүгінгідей толыққанды тәуелсіздікке жетуіне көпғасырлық дәуірлердегі, соның ішіндегі, қазақ ордасының құрылуы мен сол ұжымдаған мемлекетті одан ері дамытып өркендештедің тар жол тайғак кешулерінен аман алғы өткен хандар мен сұлтандарымыздың ел басқарудағы сауатты білімдарлығы, саяси ұстанымдарының тигізген иті ықпалдары айтылады.

Негізгі идея - мемлекетті құрудан да жауаптырақ, оның іргесінің беріктігін сактаудың, сол мемлекеттегі ғұмыр кешіп отырған субъектілердің амандығы мен есіп-өркендеуін қамтамасыз етудің, сыртқы-ішкі саяси жағдайлардың тұрақтылығын орындаудың, бірлік пен татулықты реттеудің қыншылығының басымдығы баяндалады. Атапмыш мәселелердің жарқын мысалдары ел басқарудың «қасқа жолын» ұстанған - Қасым Жәнібекұлының адами өмірі мен саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігінен көрініс табады.

Тірек сөздер: саяси ұстаным, саяси элита, шежірелік деректер, тарихи тұлғалар, әдеби бейнесі.

Қай дәуірлік кезеңін де тарихи сахынасы саяси-әлеуметтік, экономикалық, әскери, идеологиялық бағытта ел мүддесінен сүрінбей өткен тұлғаларды өзі-ақ екшеп алатыны хақ. Мемлекеттің алмағайып жағдайларында ерекшеленген тұлғаларды латынша «*elegire*» немесе французша «*elite*» деп атаса, бұл - қай елдің де ыстығы мен суығына төтеп бергендердің іс-әрекетіне аса мән беріліп, тарихи концептіге баланғандығына

дәлел болады. Жоғарғы ранглерге бөлініп, бүгінгідей ел басқарушылардың әлемдік деңгейдегі калыптаскан атальмы болмаса да, өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жағдайларды ретке келтіріп, елді рухани, саяси, экономикалық жағынан басқарыш келген хан-сұлтандардың тегеуіндегі басшылығының жетістіктері өз тұстарында-ақ стратегиялық күш-қуатымен талай елдерді мойындастып, мемлекетаралық саяси беделге қол жеткізген, тіпті олар өз ішіндегі локальды жағдайларымен қоса, алыс-жакын елдердің де өшү, өсу сәттеріне араласып отырғандығы халықаралық тарихтан белгілі.

Дәуірлей іліп айтсақ, XVI ғасырдағы «тақсыз хан» атанған Қасым Жәнібекұлының өзіне дейінгі жарты ғасыр бойы еңсесі көтерілмеген елдің жағдайын алуан амал-әдістерімен түзетуді көздел, әскери сауаттылығының және өзі қалыптастырған шыңылтыр заңдарының күшімен бейбітшілік пен бірлікті орындырып, саясаткерлігін мойында білуі - казақ тарихындағы көптеген ханның қолынан келе бермеген даралығы деуге болады. Себебі қазақ ордасының толыққанды аяқтанып, іргесінің қатаю кезеңдері ең алғаш Моголстанда құралуынан әлдекайда киын болғандығын Қасым ханға дейінгі бабалардың басынан кешкен тар жолды тайғақ кешулерінен-ақ байқауға болады. Қай кезеңде де мемлекетті құру мен оны одан әрі дамытудың, тыныштығын сақтап, өркениестке жеткізуіндегі қаншалықты оңай еместігін әрбір елдің саяси элитасы жақсы билген.

Әкенің құтымен, ананың сүтімен дарыған әзіздік пен жөргектен жармасқан елжандылық сезімнің, азаматтық жауапкершіліктің жүтін арқалаған Қасым ханның 1511-1518 жылдар арасында елдің мамыржай тірлігінің тізгінің берік ұстап тұрғандығы - оның XVI ғасырдағы саяси элитаның белді мүшесі болғандығын дәлелдесе, ел аузында жүрген «Елу жылда – ел жаңаның» шығу төркінің де Қасым ханға дейінгі жартығ сырлық нәубеттің беті түзеліп, қазақ үшін жаңа дәуірдің басталғанын жеткізетін дерек ретінде халықтың кейінгіге табыстаған түйіндемесі секілді. Ал қазақ шежіресінің жидашысы М.Ж. Қоپеевтің қолжазбаларындағы:

Баласы Жәнібектің сардар Қасым,
Қазактың біріктіріп, құрап басын,
Осы жер - ата қоныс мекенін деп,
Найзамен сызып кеткен шекарасын... [1] –

деген жолдар ата қоныстың төнірегін түгендереп, аймағын жиып, айдай әлемдегі өмір сүру құқын шегелеп, шекарасын тұрактандырған Қасым ханның елі үшін ең маңызды мәселенің басын қайырып, алыс-жакын елдердің «көз құртына» айналған халқының қақпасына тосқауыл қойғандығынан хабардар етеді. Тіпті Бабырдың: «...Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хан-сұлтандарының бір де бірі осы Қасым хан секілді халықты бағындыра алмаған екен» [2] - деген мәліметтеріне қоса, Қасыммен дәуірлес болған Мұхаммед Хайдардың, Махмұд бен Үәлидің енбектеріндегі [3] Қасым туралы айтылып кеткен ұшқын-ұшқын тарихи мотивтер бүтінгі академиялық кәсіби тарихтың да сүйенетін деректі толғамдарына айналып отыр.

Қазактың көнекөз шежіресінің бас-аяғын түгендеуші Ш. Құдайбердінің енбектеріндегі: «Қасым хан кезіндегі халықтың саны миллионға жетіп жығылды» [4] - деген деректері Бабырдан алыс кетпесе де, Шәкәрімнің айтпағы: Ел тыныштығын көбірек ойлайтын Қасым ханның алыс-жакын елдерге орынсыз шабуылдамай, ата заның қалыбын сақтап, ерекше саяси беделінің аркасында онынан өткенді онтайлац, соңынан ергенді өзекке теппей халқының санын арттыра білгендігі деп түсініледі. Себебі қазаққа тән ұлыстардың құрамында «кешегі жауласқандардың» да бір атанаң баласындағы коянқолтық өмір кешіп, өз еріктерімен қазақ қоныстарына жан-жактан науадай ағылып қосылған мысалдары ауызекі тарихнамада да, авторлы әдебиеттегі жыраулар поэзиясында да көп айтылып келді. Мысалы Асан қайғы айтқан:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасына жау тисе,
Жанынды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол кусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны күйспа... [5] –

деген пікірлі өситетке жақтайынын қанығып өскен Қасым ханның саясатта да, жай тірлікте де ұстанғаны - осы болды.

Басшылық үшін жаратылған, тұмысынан тектіліктің тәлімін алған Қасым ханның ес білгелі ат жалына жабысып өткендігімен бірге, қосақ арасында тебіскең елдердің құйтырықтың саясаттарына да онша көп еліте бермеген данышпандықтың кеңі, катаң тәртіптің сақшысы да болғандығы бейнелі айтылады. Әсіресе, Саид ханның Шайбани сұлтандарына қарсы одак құру үшін жорыққа үтіттейтін тұсында Қасым хан оған жығыла қоймайды, себебі бейбіт өмірдің дәмін татып үлгермеген қасіретті елнің тыныштығын ойлаап, басқыншылық-пен Шашқа бара жатқан Саид ханның «осы жорығына бармай, олжасынан алмай» қалудың бар амалын

тауып, елді қыстауға көшіру үстіндегі қарбаластарын сұлтауратып, Сайд ханмен екі арадағы қарым-қатынастарын бұзбастан аман құтылады [6].

М.Х. Дулатидің де еңбектерінің дені Қасымның қай іске де ойланып тәуекелге баратын, уәдесін орынсыз шашпайтын пікірлі, өз дегенінен қайтпайтын әділ де сұңғыла, айлакер басшы екендігіне құрылады, бұны Қасым туралы батыл айтатын кәсіби тарих та жокқа шығармайды. Міне, бір заманның күмын кешіп, бір құдықтың сүйн ішкен замандастардың бейнелеуіндегі шындықтан асатын дерек болмаса керек.

Қасым хан туралы деректердің қай-қайсысы да халықтың авторлы шежіресі мен азын-шоғын жырларында болмаса, ауызекі әдебиетінде аз ұшырасады. Сол кезеңдегі Әмір сүрген дәуірлес жырышыраулардың шығармашылығында Қасымның жеke есімі аталмай, бірақ оның заманындағы дәүрәнді шактарды аңсай жырлаған Доспамбеттің, Қасымның бір қызын алған Шах Мамайды қартайған шағында панаған Шалқиң жыраудың, бұлардан кейін өкше басқан кезеңдегі Жилембет, Марқасқа сыйнды жыраулардың өлеңдерінде Қасыммен тұстас, үзенгілес болған баһадүрлердің бірінің есімі қөмексі аталып, бірі аталмаса да, елім деп еңіреген боздактардың ерліктері ғана айрықша образдалып, тіпті қарапайым адами кем-кетіктері де кейінгілерге жалпылана жеткізіледі. Мұнысынан байқайтынымыз: халықтың қыргыншылықта өзегі өртепі, қанаты қайырылғанында ғана заманының қадірін айтып қақсайтынын, ал жаны жайланса қу тірліктің ауқымынан аспай қалып, тарихи тұлғалардың өзінен гөрі халыққа жасаған игілігі ғана барлық дәуірге рухани азық болып жадыланатыны заңдылыққа айналғанын көреміз. Соңдықтан болар қазақ жырларының әрі кеткенде мың жолдан аспайтыны да, ал қырғыздың «Манасының» миллион жолдарға сыймай жататыны да...

Үнемі жау өтінде отырған қазақ үшін батырларының жайшылықтағы адами тірлігін бүге-шігесіне дейін тізбектеуден гөрі олардың жауымен айқасқан сәттерін, тіпті жауапкершілігі адамнан да бетер қанды шайқастан батырды аман алып шығатын серік атының жауға тигендегі арыны ерекше жырланатыны да әдебиетімізден белгілі. Соның бір үзік сырныңдай болып қалған қазіргі Батыс Қазақстан өлкесіндегі қалмақтарға карсы бір жаугершілікте жау әскері түгел қырылыш, қазақ жағынан да бір де бір адам қалмағанында екі жақтың сайыпқыран аттарының бірін-бірі қырып салған қанды оқиғасы тебірене айтылып, тіпті сол шайқас болған мекенін «Құнаншапқан» атауы күні бүтінге дейін сақталып келсе, сол халық жадымен саналық ескерткішке айналған атышулы жер - қазіргі Жәнібек ауданының Жақсыбай елдімекенін маңайынан орын тепкен [7].

Ал шынында да, қырғызға телінген «Манас» жырының ауқымында сол халыққа тиесілі мәселелердің қағыс қалғаны жоқтың қасы. Қырғыз даласының бір уыс шебі де, тамшы сүйе да ескерілпі, флорасы мен фаунасы түгел санамаланады да, батырларының тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігінің бір үзігі де қалдырылмастан көнінен суреттеледі. Тіпті «Манас» жырының ішіндегі ежелгі қырғыз даласында әскен дәрілік шөптеріне шейін жиылып-теріліп, XX ғасырдың соңғы ширегінде көлемді ғылыми диссертация қорғалғанының күні де кеше емес пе? Ал қазақтың қаһармандық жырларының мұрат-мұддесі нені көкseyтінін А.Янушкевич айтқандай: «...қазақтар Әмірдің ұсақ-түйегіне көп көніл бөле бермейтін кен халық, намыстанса «арым-жанымның, жаным-малымның садағасы» дейді және ғасырлардан келе жатқан ата зандары мен жарғыларының бірінші бабы да жерін, елін сақтаудан басталып, елі мен жеріне қауіп төнен қалса, әншійін де басы құралмай жатса да, бір адамдай өре түргеледі » [8] - деген жолдарды қазақтың ішкі тінін қазақтың өзінен артық білетін сыйнышыл ғалым білместіктен айтпаған болар.

XVI ғасырдың алғашқы ширегінде ел басқарудың хас эталоны болған, ерлігі мен жүректілігінің арқасында қазақ тарихын көктей өтіп, мемлекетіміздің аталақ заңы мен сот жүйесінің құрылымын жүйелеген Қасым сыйнды баһадур ханының орнатқан бейбіт күндерінің табы шежірешілер мен жылнамашылардың қаламында қалғанымен, ауызекі халық поэзиясында аты аталып, түсі түстелмегендігін сол заманды жырлаушылардың болмағандығынан емес, алғаш рет мемлекетіміздің алыс-жақын елдермен дипломатиялық қарым-қатынастары басталып, сол саясатты сауатты ұйымдастырған Қасым Жәнібекұлын - XVI ғасырдың саяси элитасының кеменгері деп танимыз.

М.Х. Дулатидің Қасым хан туралы қалдырыған шежірелік деректері қазақ жылнамасының алғашқы үлгісіне айналды, есіресе, шежіреші Қасым ханға дейін отыз жылдан астам үақыт хан болған Керейұлы Мұрындықтың тұсында-ак Қасымды халықтың өзі «таксыз хан» атап келгендейгіне ерекше токталады және оның атты әскерінің колбасшысы болған Қасымның ханға бергісіз басқарушылық қабілетін зу баста-ақ мойындағ үлгерендігінен хабардар етеді. Қасым атқа қонғанда жануардың арқасынан өсіп шыққандай қазықша қадалып, үршықша үйірілетін «дала кентаврына» айналып, хан болғаннан кейін де отандастарын жауға қарсы өзі бастап шығып, сайын дала төсін сайыстың алаңына айналдырыған жауынгер бейнесін өле-өлгенше сактап өтеді. Бұны қазақ хандығын ең алғаш халықаралық катынастарға тарта бастаған орыс мемлекетінің жылнамашыларының жазбаларынан айқын көргө болады. 1505-1533 жылдардағы Москва мемлекетінің князі III Василийдің қазақ хандығымен байланысы - Қасым ханнан басталған қазақ елінің дербес этникалық ұлыс ретіндегі танымал болуының басы еді. 1517 жылдары қазақ хандығымен елшілік орнатқан неміс дипломаты Сигизмунд Герберштейннің қолжазбаларында Қасым басқарған Сырдарияның

оңтүстік жағалауы, Түркістанның оңтүстік батысы, оңтүстік шығыстағы Жетісу бөектерінен бастап Жайыққа дейінгі аймактардың тың деректері қалдырылған [9]. Тіпті Жайық төңірегіндегі Көшім атаулы елді мекенниң әлі күнге дейін Қасым ханмен байланыстырылатын мәліметтері ел кеңіншінде жиі кездеседі. Көшім ханның шайбани сұлтандарымен бірлесіп қазактарға қарсы жасаған қысқы жорығы Қасым ханның дүние салу кезеңдерімен жуықтасады. М.Х. Дулатидің мәліметтеріне қарағанда Қасым хан 1518 жылы дүниеден озса, ал Қадыралы бектін мәлімдеуінше ханның мұрдесі Сарайшықта жерленген делінеді. Бірақ Ресей елінде отырған Қадыралы Сарайшықтағы хандар қорымының орыс қазактарының қолымен киаратылып, орны тып-типыл етілгендігін не білмегендіктен, не айтуға дәті жетпегендігінен деп түсініледі. Ал қазақ хандары туралы зерттеген тарихшы А.П. Чулошниковтың еңбектерінде Қасым ханның мазарының ХҮП ғасырдың бас кезінде Сарайшықта аман тұрғанындығы мәлімделеді [10].

Қасым хан туралы Ресей арқылы қазақ еліне жіберілген алғашқы европалықтардың қолжазбаларынан да көптеген мәліметтер екшеуге болады. Мәскеудің құнды және құпия құжаттарды сактайтын мемлекеттік мұрағаттарында қазақ хандығының шежірелері, тіпті жекелеген хандардың тыныс-тіршілігі мен басқан іздеріне шейін айшақтаған қолжазбалары жақсы сақталған. Әсірессе, Қасым хан мен оның балалары туралы деректер орыс тарихшыларының қаламынан қалыс қалмаған. Хан-білдері мен батырлары туралы қазактардың өздері білмейтін жәйттерді орыс жылнамашылары мен кейінгі тарихшыларының жақсы білулері - Қасым хан сынды ел басшыларымыздың бүкіл динамикасын біліп отыру көршілестер үшін аудай қажеттілік және мемлекеттік маңызы бар жағдаят болғандығы осыдан байқалады. Әсірессе, саяси әгентристік ұстанымдағы орыстар үшін қазақ елінің әрбір үп еткен мәселесін елеусіз қалдыру - көптеген мәселеден макұрым етерлікте ауыр тиетін еді және бұл кезеңде ел қорғанысын берік ұстауда шымырлылық танытқан Қасымның ел шаруашылығын өркендету жолында да атағы жер жарып тұрған мезгіл болатын.

Ол өзіне дейінгі бабаларының Қытайдан қазақ еліне Шаш арқылы кірген Жібек жолының саудасаттықка негізделген тіршілік қалыбын бұзбай, халықты ашықтырмаудың бар амалын жасап, мал шаруашылығын да кеңінен дамытқан. Халқының санын миллионға жеткізу дің туғында қолынан іс келетін, өзге де ұлыстардың өнері мен мәдениетін, тіпті әдеп-ғұрыптарының да таралуына еркіндік берген. Қасым тұсында араласып-құраласып кеткен ұлыстар бірінің жетпесін екіншісі толтырып, таңдай қактыралықтай тіршіліктің басын құрайды. Өзімен-өзі болған халықтың біршама кесінді уақыт бойы көршілестерін де қызықтырып өз ортасына тартуы - осы игіліктердің істижесінен де болуы мүмкін.

Қазактардың көршілестерден асып Батыс елдеріне танымал болуына өнерпаз халықтың қол өнерінен туған әсем туындылары, әскери әбзелдері, алтынмен алтапар, күміспен қапталған көз қаритын тұрмыстық бұйымдарының шет жерге өзінен бүрін жетіп жатқандығынан секілді. Әсірессе Қасым хан Түркістан қаласын азат етіп, Қазақ хандығының астанасы еткен күннен және Ташкент қаласының қазақ иелігіне өткен сәттері катар келіп, хандықтың қарамағына кірген барлық аймакта сәулетті ғимараттар, мазарлар, сауда орталықтары мен катынас жолдары салына бастайды. Белгілі тарихшы Ибн Рузбиханның жазбаларында қазақ хандығында бұл тірлікпен катар мал шаруашылығының да түр-түрінің жанданғанын айта келіп: «ХҮП ғасырдың 20-жылдарына дейін қазактар кен байтақ далаға ірі қарадан жылқыны, ұсақ малдан қой шаруашылығын өрістетті. Бір жақсысы - малдың өнімдерін шашау шығармай, тұрмыстың бар мұқтажын өтесе, жылқыны қорғаныс істеріне дайындаумен айналысты» [11] - деді. Мұны Қасым ханның өзі де кезінде: «...Біз-дала тұрғындарымыз, бізде арқалап кететін дүние жоқ, басты байлығымыз-жылқы, сонын сүті мен етінен дайындалатын ырзығымыз ғана, ойын-сауығымыздың да баршасы сол мал жайылымдары мен жылқы табындарының ортасында өтеді» [12] - деген болатын. Тіпті М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде де Көктебедегі Қызыр Қожаның ерте көктемдегі алғашқы бие байлау сәтін ұлан-асыр үлкен мейрамға айналдырғанын суреттейтін жерлері бар емес пе? Оны қазактардың тіршілікті артық-кемі жоқ мінсіз етіп ұйымдастыратыны тәніт етеді, жалғыз ғана малының өнімдерінен: еттен - қазы-карта, жал-жаядан басқа да ондаған тұрларінің, сүттен - май, құрт, ірімшік, сусындарының сансыз тұрларін, тіпті қазактың қарынға тұздап сактайтын көпжылдық сары майларына теңдесетін тағам тұрларін іздеудің артықшылығын айтқандары бар...

Үздіксіз жаугершіліктің әсерінен қазақ ордасы құрылған кезеңдерде еркін дами алмаған шаруашылықтарды дөнгелентіп әкеткен Қасым ханның тіпті ұстап-тұтқан дүниелері мен өсірген малдарының ерекшеліктерін де қалт жібермегендер кездесті. Тіпті Қасымның бала кеңінен-ақ қазақ ордасына катынаған Венеция князі И.Барбаро өз күнделігінде: «...бұл халықтың мәпелеп өсіретін қойының бір түрін көрдім. Сирактары ұзын, сабалак жүнді, құйрығының салмағы он екі қадақтан асады» [13] - деп таңданыс білдірген. Мұны өткен ғасырда қазақ этнографиясын зерттеген Х.Арғынбаев та растап: «қазақтар семіздіктен бойларын көтере алмайтын қой малының құйрығына арнайы арбашық жасап салып қоятын...» - дегенді айтқан.

Қасым тұсындағы тірлікten қазактың аңшылық өнері де белең береді. Қазақтың «Қобыланды батыр» жырындағы Естемістің қарауында өскен Қобыландыны батырлықта шындаған еңбек пен аңшылық өнер болса, «Қамбар батырдағы» Қамбардың да батырлыққа қадамы осы өнерден басталатыны жыр өзегінде ғана қалып қоймаған, қай дәүірде де халқымыз аңшылықты дүниелік сұранысын өтөу үшін ғана емес, ұрпағының

жүргінде батырлық сезім оятып, шымырлылыққа баулудың үлкен мектебінен өткізу үшін де дамытып отырған.

Ал Қасым ханның қосындары да жайшылықта өздерінің қуат-күшін құралайды көзге атуға дейінгі етпілкітің түрлі әдістерімен жетілдіріп, оған ханның өзі бас болып, сарбаздарды сол қанаттан оң қанатқа көширу үшін арнағы үлкен дайындықтан өткізген. Бұл туралы халықтың ауызекі әдебиетінде де, кәсіби тарих пен жазба әдебиетте де айтылуымен бірге, тіпті хандар туралы тірнектелген батыс жазбаларының бірінде: «Қазактар даланың бір тағысын біріне жұмсауды өте жақсы менгерген, бүркіт салып, тазы қосып аң аулап, бір қауым елді асырайды және үлкендері балаларының сегіз қырлы болып есүіне барынша жаңын салады, олардан ел қорғайтын қосындар дайындауды...» [14] - деген мәліметтер көлтірлген.

ХХ ғасырдың 30-40 - жылдарындағы орыс зерттеушісі В. Катуковтың: «Орыстар әскерге алғанға дейін қазақтар әскери істен мүлдем хабарсыз болды» [15] - дегеніне қарап, бұл біржакты пікірі үшін ол емес кінәлы, осы уақытқа шейін «жау қайда?» деп бесіктен өре тұратын қазактың батырлық бейнесі мен тәуелсіздік жолындағы азаттық күрестерінің классикалық үлгісін әлі де айдай әлемге таныта алмай отырған өзіміз кінәлы екендігімізді де мойындау керек.

Кешегідей өткен Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстанның әр аймағын жағау шылрап Берлинге жетіп ту тіккен, Москванды да, Сталинградты да, бүкіл Европа, Прибалтика, Қыыр шығыс елдерін өз ауылындаі қеуде керіп фашизмнен азат етумен бірге, соғыстан қираған елдердің шаруашылығын, қалаларын қалпына келтіріп, елуінші жылдарға таман елге сүйретіліп жеткендер де - қазақ жауынгерлері емес пе еді? Осындаі төзімділік, жаңкештілік пен елжандылық сезім қынында болмаса, ата-бабамыздан мирас болған «шылбыры үзіліп» көрмеген ерлікін тағылымы болмаса, фашизмнің барлық қүйдіргі ошактарының алдыңғы шептерінде үнемі бірінші болып қазақ неге жүре берген?! Әрине, әмірдің басқа құндылықтарындаі дәуір, уақыт, заман, жағдай талғамайтын ерлік сезім дала баһадүрлерінің жүргегінде-ақ жүгым болып, тектіліктің де паркы осы қасиетпен өлшенгені рас. Сондықтан сол қасиетті сезімді аялап, бүкіл үрім-бұтағымен арлы бол өткен Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Такияр, Бұйдаш, Қожа Махмұт, Тоғым, Хакназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Салқам Жәнгір, Тәуке, Батыр, Абылай т.б. ел басқарушыларымыздың кәсіби тарихтағы ресми тұлғаларын халық санаасындағы баға жетпес ауызекі тарихнамамен байланыстыра бейнелеп, жас зерделерге қонымыдь жеткізе алсақ болар еді. Бұтінгі өскелен ұрпақтың ойлау жүйесі мен жан-дүниесіне жақындау етіп, хан-білеріміз бен баһадүрлеріміздің балаң шактарындағы балауса әмірлерін үлгі етіп, олардың тарихи тұлғаға айналғанға дейінгі есу жолдарымен қызықтыра тәрбиесек, алаңсыз ұрпағымыз жалынды жастық шактарын бағалауды, асыл мұраттарын бүтіннен бастап межелеуді ертерек үйренер ме еді дегіміз келеді.

Еліміздің елжанды перзенттерінің бірі, белгілі тарихшы М. Магауиннің сөзімен айтсақ: «...Елін қорғаған аруакты бабаларымыз біздің мәртебемізді көтеріпти, тарихтың талай тайғакты жолдарынан аман-есен өткөріпти. Солардың жолын таңдасадақ, аманатын ұбып, асыл мұраттарын байыптай алсақ, біз ешқашан елдігімізден айырылмаймыз, мәңгілікке кеменгер ел болып қаламыз» [16] - деген пікірлі ойын өкше басқан ұрпаққа саналы түрде дарыта алсақ, осы тәуелсіз «Жерұйығымыздың» занды тұлғалары да солар болатынына алаң болмас едік...

ӘДЕБІЕТ

- [1] Көпееев М.Ж. Екі томдық. Құрастырған С.Дәуітов. 1 т. Алматы: Фылым, 1990. 273б.
- [2] Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама. Қазақшага аударған Б. Қожабекұлы. Алматы: Ататек, 1993. 448 б.
- [3] Дулати М.Х. Тарих-и-Рапиди. Перевод с перс. языка. 2-оеизд., дополн. А.: Санат, 1999.-656с.
- [4] Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз-қазақ және хандар шежіресі. А., 1991, 796.
- [5] Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Құрастырғандар: М.Магаун, М. Байділдаев. I т. Алматы: Жазушы, 1989. 384 б.
- [6] Тілеев Ж.Ж. Тарих және әдебиет. Алматы: Фылым, 2001, 375 б.
- [7] Мұхамбетқалиева Р.Қ. Қазақ фольклорындағы тұрмыс-тіршілкітің этникалық танымы. Оқулық. Орал, 2001, 153 б.
- [8] Янушкевич А. Құнделіктер мен хаттар. Алматы, 1966, 269б.
- [9] Герберштейн С. Записки о Московии. М. 1988. с.221.
- [10] Чулопников А.П. Очерки по истории киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть I. Оренбург, 1924. с. 294.
- [11] Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-намей-и-Бухара. Записки бухарского гостя. М. 1976. с.93-94.
- [12] Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы: Санат, 1999, С. 335.
- [13] Красный архив. 1936. №5 (78).С.201.
- [14] Зеланд Н.Л. Киргизы (этнологический очерк) Омск, 1885., 78с.
- [15] Катуков В. Национальное военное строительство в Казахстане. А., 1930, 39 с.
- [16] Magaun M. Қазақ тарихының елшілесі. Алматы: Қазақстан, 1995, 205б.

REFERENCES

- [1] Kereev M.Ž. Eki tomduq. Құрастырған S. Dәuitov. 1 t. Almaty: Fylym, 1990. 273b. 73б.
- [2] Babyr Zahir ad-din Muhammed. Babyrnama. Қазақшага audartan B. Kožabekuly. Almaty: Atatek, 1993. 448 b.

- [3] Dulati M.H. Tarih-i-Rashidi. Perevod s pers. yazyka. 2-oeizd., dopoln. A.: Samat, 1999.-656s.
- [4] Құдайбердіев Ш. Тырык, қыргыз-қазақ және handar шеширеси. А., 1991, 79 б.
- [5] Bes fasyr zhyrlajdy. Eki tomдық. Қырastyғандар: M.Maraunin, M. Bajdildaev. I t. Almaty: Zhazushy, 1989. 384 b.
- [6] Tilepov ZH.ZH. Tarikh zhәne әdebiet. Almaty: Fylym, 2001, 375 b.
- [7] Мұхамбетқалиева Р.Қ. Kazak fol'kloryndary turmys-tirshiliktiң ehtnikalyқ tanymy. Okulyk. Oral, 2001, 153 b.
- [8] Yanushkevich A. Kyndelikter men khattar. Almaty, 1966, 269b.
- [9] Gerbershtejn S. Zapiski o Moskovii. M. 1988. s. 221.
- [10] Chuloshnikov A.P. Ocherki po istorii kirgizskogo naroda v svyazi s obshchimi istoricheskimi sud'bami drugih tyurkskikh plemen. Chast' I. Orenburg, 1924. s. 294.
- [11] Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-namej-i-Buhara. Zapiski buharskogo gostya. M. 1976. s.93-94.
- [12] Erofeeva I. Han Abulhair: polkovodec, pravitel' i politik. Almaty: Sanat, 1999, S. 335.
- [13] Krasnyj arxiv. 1936. №5 (78). S.201.
- [14] Zeland N.L. Kirgizy (ehtnologicheskij ocherk). Omsk, 1885., 78s.
- [15] Katukov V. Nacional'noe voennoe stroitel'stvo v Kazahstane. A., 1930, 39 s.
- [16] Maraunin M. Қазақ tarikhynuň əlippezi. Almaty: Қазақстан, 1995, 205b.

Р.Қ. Мухамбеткалиева, Г.М. Мухамбеткалиева

КАСЫМ ХАН – ПРЕДВОДИТЕЛЬ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭЛИТЫ ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЫ XYI ВЕКА

Аннотация. В статье рассматривается образ «политической элиты» XYI века на примере жизнедеятельности легендарного хана Казахской Орды Касыма Джаныбекулы как мудрого правителя, установившего дипломатические отношения с соседними странами, способствовавшего развитию духовных-нравственных ценностей казахского народа.

Особая роль современного Казахстана на политической арене – это результат вековой дальновидной политики казахских правителей. Поэтому главной идеей статьи является раскрытие их мудрых решений в укреплении внутренних и внешних связей. Таковым был и Касым хан, который смог умело воплотить стратегические идеи в реальность и сохранить целостность казахского народа.

Ключевые слова: политические установки, летопись, исторические личности, литературный образ.